

Ұлттық құрылтайда көтерілген маңызды мәселе

Биылғы Ұлттық құрылтайдың төртінші отырысында мәдениет пен білім саласына ерекше көңіл бөлінді. Солардың бірі – Арқалық қаласына жаңа кітапхана салу мәселесі болды. ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Жұлдыз Сүлейменова кітапханалардың даму бағыты мен оларды жаңа деңгейге көтеру туралы маңызды ұсыныстар айтып, Арқалықтағы әлеуметтік нысандардың инфра-құрылымын жақсарту, соның ішінде жаңа типтік кітапхана салу жөнінде тоқталып, оқырман қауымын қуантты. Бұл бастама қоғамның рухани дамуы мен білім алуға қолжетімділікті арттыру жолындағы маңызды қадам болмақ.

Кітапхана – білім мен мәдениеттің ошағы, қоғамның дамуына ықпал ететін маңызды мекеме. Қазіргі таңда Қазақстанда кітапхана жүйесі жаңарып, оның қызметтері кеңейіп келеді. Арқалық қаласында жаңа кітапхананың салынуы – бұл өңірдегі білім мен мәдениеттің дамуына жасалған игі іс. Бұл үрдіс оқырмандарға жаңа мүмкіндіктер ашып, жастардың білімге деген қызығушылығын арттыруға септігін тигізері анық. Кітапханалардың санының артуы – тұрғындардың рухани сұранысын қанағаттандыруға, жастардың кітапқа деген қызығушылығын арттыруға бағытталып отыр.

Қазіргі таңда кітапханалар тек оқу орны ғана емес, сондай-ақ ақпараттық, ғылыми-ағартушылық және мәдени шараларды өткізетін орталыққа айналууда.

Айтар болсақ, «Арқалық қаласындағы облыстық №2 әмбебап ғылыми кітапханасы» КММ аясында бірнеше жобалар, клубтар іске асырылуда. Бұл бағыттағы жұмыстар оқырмандардың шығармашылық қабілетін дамытуға және оларды әдебиетке, экологияға, өлкетануға тартуға көмектесіп, өскелең ұрпақтың мәдени-рухани дамуына ықпал етуде. Кітапхана – өткен мен болашақты байланыстыратын алтын көпір. Сондықтан олардың дамуы – бүкіл қоғамның интеллектуалдық және рухани өрлеуінің кепілі. Кітапхананың көп болуы – елдің өркениеттілігінің белгісі. «Кітапханасы бар ел – мәдениеті мен білімі биік ел» деген ұстаныммен, кітап пен білімді дәріптеу әрқашан басты құндылық болып қала бермек!

Арқалыққа жаңа кітапхана салу – болашақ ұрпақтың білімін жетілдіруге жасалған инвестиция. Бұл жоба жергілікті қауымдастықтың мәдени және зияткерлік әлеуетін арттыруға көмектеседі. Ұлттық құрылтайда көтерілген бұл маңызды мәселе алдағы уақытта өз шешімін тауып, қала тұрғындарына пайдасын тигізеді деп сенеміз!

Жұлдыз ҚАСЫМБЕКҚЫЗЫ

№2 ОӘҒК

**Ақпараттық-библиографиялық
қамтамасыз ету бөлімінің
меңгерушісі**